

Қ.А. Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті құрылысының мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 16 шілде N 906

Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Түрік Республикасы Үкіметінің арасындағы Түркістан қаласында Қ.А. Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетін құру туралы келісімді жүзеге асыру және оның құрылысын кешенді жүргізу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Түркістан қаласындағы Қ.А. Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің объектілерін республикалық бюджет есебінен қаржыландырылатын, басымдықтар тізбесіне енгізісін.

2. "Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 24 сәуірдегі N 2235 Z952235_ Заң күші бар Жарлығының 86-бабының 2-тармағына, 61-бабының 1-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 20 шілдедегі N 2368 Z952368_ Заң күші бар Жарлығының 149-бабының 6-тармағына сәйкес Қ.А. Иассауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университетінің құрылысын жабдықтауға арналған қайырымдылық мақсатында және қайтарымсыз негізде Қазақстан Республикасына әкелінген тауарлар университет кешенінің құрылысын салу кезеңінде қосылған құнға салынған салықтан, акциздер мен кеден бажынан босатылсын.

3. Қазақстан Республикасының Білім министрлігі бұл жұмыстардың

орындалуын Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің жанындағы Қаржы-валюта бақылау комитеті университетінің құрылысын салуға және жабдықтауға әкелінген тауарлардың, және осы мақсаттар үшін бөлінген қаражаттың мақсатты пайдаланылуына бақылау жасауды қамтамасыз етсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрінің
орынбасары

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК